

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдар саласында Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2020 жылғы 6 мамырдағы № 34/ке бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 11 мамырда № 20609 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5 т. қараңыз

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 11.01.2023 № 1/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған көрсетілетін мемлекеттік қызметтер қағидалары:

1) "Жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды әзірлеу, өндіру, жөндеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) "Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын әзірлеуге лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес;

3) "Ақпарат таралып кететін техникалық арналарды және жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды анықтау бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес;

4) "Үшінші елдермен сауда-саттықта тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын , ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдарды әкелуге, әкетуге және транзитіне қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес;

5) "Үшінші елдермен сауда-саттықта тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын , шифрлау (криптографиялық) құралдарын әкелуге, әкетуге және транзитіне қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес;

6) "Тауарларды ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарына және жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарға

жатқызу тұрғысынан техникалық зерттеу бойынша қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес;

7) "Шифрлау (криптографиялық) құралдарын қамтитын тауарлардың (өнімдердің) сипаттамалары туралы нотификацияларды тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес;

8) "Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын өткізуге (оның ішінде өзгеше беруге) рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 11.01.2023 № 1/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Ақпарат және киберқауіпсіздік қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің интернет-ресурсында осы бұйрықты орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары Д.Е. Ерғожинге жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы

К. Масимов

КЕЛІСІЛДІ

**Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
2020 жылғы " ____ " _____**

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Төрағасының
2020 жылғы 6 мамырдағы
№ 34/ке бұйрығына
1-қосымша

"Жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды әзірлеу, өндіру, жөндеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 11.01.2023 № 1/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды әзірлеу, өндіру, жөндеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес (бұдан әрі – Заң) әзірленген және "Жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды әзірлеу, өндіру, жөндеу және өткізу бойынша қызметті жүзеге асыру үшін лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетудің кіші түрлері үшін бірыңғай тәртібін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) айқындайды:

1) жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды әзірлеу, өндіру;

2) жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды жөндеу және өткізу.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) лицензиялау рәсімдерін өткізу үшін жүгінген жеке немесе заңды тұлғаларға (заңды тұлғаның филиалдарына немесе өкілдіктеріне) (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік қызмет көрсетеді.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге www.egov.kz, www.elicense.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптар) 8-тармағы 1) тармақшасында көрсетілген құжаттардың электрондық көшірмелерін жолдайды.

4. Жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды әзірлеу, өндіру, жөндеу және өткізу бойынша қызметпен айналысу үшін лицензияны беру (бұдан әрі – лицензия) өтініші, ол тіркелген күнінен бастап 15 жұмыс күні ішінде қарастырылады.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының лицензия беру үшін ұсынылған құжаттарын алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат, заңды тұлға ретінде, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені), лицензия, лицензиялық алым ("электрондық үкімет төлем шлюзі арқылы төленген жағдайда) төленгені туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы дербес алады.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші аталған мерзім ішінде көрсетілетін қызмет алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызмет берушінің өкілетті тұлғасының электронды қолымен куәландырылған электрондық құжат түрінде өтінішті одан әрі қарастырудан дәлелді бас тарту туралы жауабын береді.

Құжаттар пакеті толық ұсынылған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші 10 жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының "Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдар салаларында қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 4 бұйрығымен айқындалған біліктілік талаптарына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 10473 тіркелген) (бұдан әрі – біліктілік талаптар) сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызмет алушыға барумен мыналарды тексеру үшін профилактикалық бақылауды жүзеге асырады:

- 1) құжаттардың түпнұсқаларын;
- 2) көрсетілетін қызметті алушының арнайы бөлінген үй-жайларын;
- 3) ең аз техникалық құралдар мен бақылау-өлшеу жабдықтарының жинағы болуын.

Көрсетілетін қызмет алушыға барумен профилактикалық бақылауды жүзеге асырғаннан кейін, көрсетілетін қызметті беруші мәлімделген мамандардың біліктілік сынағын тапсыру нәтижесінің негізінде білім деңгейін бағалауды жүргізеді.

Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың толықтығын тексеру қорытындысы бойынша көрсетілетін қызметті беруші 3 жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған электрондық құжат нысанында кіші түрін/ қызмет түрінің кіші түрін көрсете отырып лицензияны дайындайды немесе көрсетілетін қызметті алушыны рұқсат беруден бас тарту туралы алдын ала қабылданған шешімді, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптардың 9-тармағында көзделген негізде лицензияны немесе лицензияны беруден дәлелді бас тартуды береді және көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" жолдайды.

5. Лицензияны қайта ресімдеу мынадай жағдайларда қаралады:

- 1) жеке тұлға-лицензиаттың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) өзгерген;
- 2) жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның атауы немесе заңды мекенжайы өзгерген;
- 3) заңды тұлға-лицензиат "Рұқсаттар мен хабарламалар туралы" Заңның 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес қайта ұйымдастырылған;
- 4) заңды тұлға-лицензиаттың атауы және (немесе) орналасқан жері өзгерген;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған.

Лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш қызмет алушымен лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туындаған кезден бастап күнтізбелік отыз күн ішінде беруге тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы лицензияны қайта ресімдеу барысында көрсетілетін қызмет берушіге Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптардың 8-тармағы 2) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың электрондық көшірмелерін портал арқылы жолдайды.

Лицензияны қайта ресімдеу өтініші тіркелген уақыттан бастап 3 жұмыс күні ішінде қаралады.

Көрсетілетін қызметті беруші, өтініш берушінің құжаттарын алған кезден бастап 2 жұмыс күні ішінде лицензияны қайта ресімдеуге негіз болған ұсынылған құжаттар мен өзгерістердің толықтығын тексеруді жүзеге асырады.

Лицензияны қайта ресімдеуге негіз болған ұсынылған құжаттар мен өзгерістердің толықтығын тексеру қорытындысы бойынша көрсетілетін қызметті беруші 1 жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электронды цифрлық қолы қойылған электронды құжат түрінде қайта ресімделген лицензияны не болмаса мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптардың 9-тармағында көзделген негізге сәйкес лицензия беруден бас тартуға дәлелді жауап дайындайды және көрсетілетін қызметті алушының порталындағы "жеке кабинетіне" жолдайды.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 07.08.2024 № 111/ке (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Занның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйес көрсетілетін қызметті беруші ақпараттандару саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпте мемлекеттік қызметті көрсету кезеңі туралы деректерді мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйсіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Қызмет беруші осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты олар қолданысқа енгізілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде Бірыңғай байланыс орталығына және "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына жолдауды қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуді рұқсаттар мен хабарландырулардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы көрсеткен кезде оны көрсету кезеңі туралы деректер мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты түрде келіп түседі.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

7. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағым берілуі мүмкін.

8. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 2) тармақшасына сәйкес тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

9. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген тәртіп бойынша сотқа шағымдана алады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге рұқсат беріледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Төрағасының 2022 жылғы "___"
№ _____ бұйрығымен бекітілген
"Жедел-іздістіру іс-шараларын
жүргізуге арналған арнайы
техникалық құралдарды әзірлеу,
өндіру, жөндеу және өткізу
жөніндегі қызметті жүзеге
асыруға лицензия беру"
мемлекеттік қызмет көрсету

қағидаларына

№ 1 қосымша

Нысан

"Жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды әзірлеу, өндіру, жөндеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі мемлекеттік көрсетілетін қызметтің мынадай кіші түрлері үшін бірыңғай талаптарды айқындайды:

1. Жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды әзірлеу, өндіру;
2. Жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды жөндеу және өткізу

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті
2.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру барлық кіші түрлері бойынша "электрондық үкімет" веб-порталы www.egov.kz , www.elicense.kz арқылы жүзеге асырылады
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері	Барлық кіші түрлері бойынша: 1) лицензияны беру кезінде - 15 жұмыс күні ішінде; 2) лицензияны қайта ресімдеу кезінде - 3 жұмыс күні ішінде
4.	Мемлекеттік қызметті көрсетудің нысаны	Барлық кіші түрлері бойынша: электрондық (ішінара автоматтандырылған)
5.	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі	Жедел ізвестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды әзірлеу, өндіру, жөндеу және өткізу бойынша қызметпен айналысу үшін кіші түрін/ қызметтің кіші түрін көрсетіп лицензияны беру, қайта ресімдеу, немесе мемлекеттік қызмет көрсетуді ұсынудан дәлелді бас тарту. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде", көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электронды-цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі және сақталады. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық
		Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға ақылы негізде ұсынылады.

6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушы төлейтін төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда оны төлету тәсілдері	<p>"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 554-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін жекеленген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым алынады:</p> <p>1) лицензия беру үшін – 20 айлық есептік көрсеткішті;</p> <p>2) лицензияны қайта ресімдеу үшін – 2 айлық есептік көрсеткішті құрайды.</p> <p>Төлем қолма-қол және қолма-қолсыз түрде, банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүргізетін екінші деңгейлі банктер мен ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.</p> <p>Төлем "электрондық үкімет" төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылуы мүмкін</p>
7.	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	<p>1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі – жұма аралығында, сағат 13:00-ден 15:00-ге дейін түскі үзіліспен сағат 09:00-ден бастап 19:00-ге дейін;</p> <p>2) портал – тәулік бойы, техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты, үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш берген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орнының мекенжайы көрсетілетін қызметті берушінің www.knb.gov.kz ресми интернет-ресурсында орналастырылған</p>
		1) лицензия алу үшін: осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес қызмет алушының

8.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

электронды-цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат түріндегі нысан бойынша заңды тұлғаның өтініші немесе осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес қызмет алушының электронды-цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат түріндегі нысан бойынша жеке тұлғаның өтініші; "электрондық үкімет" төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растау туралы мәлімет; осы Қағидаларға 4-қосымшадағы нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы электрондық нысандағы мәліметтер

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін:

осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес қызмет алушының электронды-цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат түріндегі нысан бойынша заңды тұлғаның өтініші немесе осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес қызмет алушының электронды-цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат түріндегі нысан бойынша жеке тұлғаның өтініші;

"электрондық үкімет" төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растау туралы мәлімет; мемлекеттік ақпараттық жүйеде сақталған ақпараттардан тұратын құжаттарды қоспағанда, лицензияны қайта ресімдеу үшін негіз болған, өзгерістер туралы ақпаратты құрайтын, құжаттардың электрондық көшірмелері

1) лицензияны алу үшін көрсетілетін қызметті алушымен ұсынылған құжаттардың және (немесе) оның құрамындағы деректердің (мәліметтер) шынайы еместігі анықталғанда;

9.

Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер

- 2) лицензиялық алымның енгізілмеуі;
 - 3) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) ұсынылған деректер мен мәліметтердің мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті қызметпен айналысу үшін біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне сәйкес еместігі;
 - 4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;
 - 5) сот орындаушысының ұсынысы негізінде көрсетілетін қызметті алушыға-қарызгер лицензиатқа лицензия алуға соттың уақытша тыйым салынуы;
- Лицензиат-заңды тұлғаның бөлісу түрінде қайта құрылу кезінде:
- 1) Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың 8-тармағы 2) тармақшасында көрсетілген құжаттарды ұсынбау немесе толық тиісінше ресімдемеу ;
 - 2) көрсетілетін қызмет алушының біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі;
 - 3) лицензиат-заңды тұлғаның бөлісу түрінде қайта құрылу нәтижесі бойынша лицензия және (немесе) лицензияға қосымша пайда болған басқа заңды тұлғаға қайта ресімделген болса

10.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық түрде электрондық цифрлық қолтаңба болған жағдайда ала алады.
Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталда көрсетілетін қызметті алушының " жеке кабинетінен", сондай-ақ

Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

көрсетілетін қызметті алушының және Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефондары арқылы алуға мүмкіндігі бар.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің байланыс телефондары: 8 (7172) 76-49-49

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Төрағасының 2022 жылғы "___"
№ _____ бұйрығымен бекітілген
"Жедел-іздістіру іс-шараларын
жүргізуге арналған арнайы
техникалық құралдарды әзірлеу,
өндіру, жөндеу және өткізу
жөніндегі қызметті жүзеге
асыруға лицензия беру"
мемлекеттік қызмет көрсету
қағидаларына
№ 2 қосымша
Нысан

Лицензияны алуға арналған заңды тұлғаның өтініші

_____ (лицензиардың толық атауы)

1

_____ (заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы

), бизнес- сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған

_____ жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі) _____

_____ (қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің(-лері) толық атауы көрсетілсін

) жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны (қажетін көрсету

) беруіңізді сұраймын

Заңды тұлғаның мекенжайы _____

_____ пошталық индексі, елі (шетелдік заңды тұлға үшін), облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

Электрондық пошта _____

Телефондары _____

Факс _____

Банк шоты _____

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

— (пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй- жайлар) нөмірі)

_____ құжат(тар) қоса беріліп отыр

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту

мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы; өтініш берушіге қызметтің

лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы

расталады; өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық

жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді

пайдалануға келісімін береді.

Басшы _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Толтыру күні: 20__ жылғы " __ " _____

1 Мемлекеттік қызмет беруші мәліметтерді мемлекеттік ақпараттық жүйелерден " электрондық үкімет"

шлюзі арқылы дербес алады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Төрағасының 2022 жылғы " __ "
№ _____ бұйрығымен бекітілген
"Жедел-іздістіру іс-шараларын
жүргізуге арналған арнайы

техникалық құралдарды әзірлеу,
өндіру, жөндеу және өткізу
жөніндегі қызметті жүзеге
асыруға лицензия беру"
мемлекеттік қызмет көрсету
қағидаларына
№ 3 қосымша
Нысан

Лицензияны алуға арналған жеке тұлғаның өтініші

(лицензиардың толық атауы)

_____ 2

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі

)

(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің(-лері) толық атауы көрсетілсін

)

жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны (қажетін көрсету

)

беруіңізді сұраймын

Жеке тұлғаның мекенжайы _____

пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат
нөмірі)

Электрондық пошта _____

Телефондары _____

Факс _____

Банк шоты _____

—

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің
мекенжайы

—

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат
(стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

_____ құжат(тар) қоса беріліп отыр

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы

және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе
беруден

бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;
өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен
айналысуға сот тыйым салмайтыны; қоса берілген құжаттардың барлығы
шындыққа

сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады; өтініш беруші
лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық
жүйелерде

қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес
деректерді пайдалануға келісімін береді.

Басшы _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Толтыру күні: 20__ жылғы "___" _____

2 Мемлекеттік қызмет беруші мәліметтерді мемлекеттік ақпараттық жүйелерден
"электрондық үкімет" шлюзі арқылы дербес алады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Төрағасының 2022 жылғы "___"
№ _____ бұйрығымен бекітілген
"Жедел-ізвестіру іс-шараларын
жүргізуге арналған арнайы
техникалық құралдарды әзірлеу,
өндіру, жөндеу және өткізу
жөніндегі қызметті жүзеге
асыруға лицензия беру"
мемлекеттік қызмет көрсету
қағидаларына
№ 4 қосымша
Нысан

**Көрсетілетін қызметті алушының жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы
техникалық құралдарды әзірлеу, өндіру, жөндеу және өткізу бойынша қызметпен айналысу
үшін біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны**

1. Жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық
құралдарды

әзірлеу және өндіру жөніндегі қызметпен айналысу үшін:
көрсетілетін қызметті алушы туралы ақпарат

3

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі
/ мемлекеттік

_____;
тіркеу қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің нөмірін және берілген күнін
көрсету)

2) жоғары техникалық білімі бар мәлімделген маман(дар) туралы ақпарат

(мамандығын және біліктілігін, сондай-ақ диплом(дар)ының көшірмесін(-лерін) қоса беріп, _____;

диплом(дар)ының нөмірін, берілген күнін және орнын, оқу орнының атауын көрсету)

3) мәлімделген қызмет түрі бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтермен жұмыс жүргізуге Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары рұқсатының болуы туралы ақпарат

(құжаттың көшірмесін қоса беріп, рұқсаттың деректемелерін: нөмірін,

күнін және осы рұқсатты берген Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының _____;

бөлімшесін көрсету)

4) техникалық құралдардың және бақылау-өлшеу жабдығының ең аз жинағының болуы туралы ақпарат

(осы құралдардың және жабдықтың меншік құқығында болуын растайтын _____;

құжаттарды қоса беріп, көрсетілетін қызметті алушы хатының деректемелерін: тіркеу нөмірін _____; және күнін көрсету)

5) арнайы бөлінген өндірістік үй-жайдың болуы туралы ақпарат

(құжаттың көшірмесін қоса беріп, меншік құқығын немесе өзге заңды негізді растайтын _____;

құжаттардың деректемелерін: құжаттың атауын, тіркеу нөмірін және күнін көрсету)

6) әзірленіп жатқан және өндірілген арнайы техникалық құралдарды сақтау үшін арнайы бөлінген үй-жайдың болуы туралы ақпарат

(құжатт(ард)ың көшірмесін(-лерін) қоса беріп, меншік құқығын немесе өзге де заңды

негізді _____

растайтын құжаттың, сондай-ақ мамандандырылған ұйым(дар)мен

автоматтандырылған _____

күзет және өрттен қорғау сигнализация жүйелеріне қызмет көрсету туралы

шарт(ард)ың _____
деректемелерін: тіркеу нөмірлерін және күндерін, сондай-ақ тиісті ұйымдардың атауларын _____;
көрсету)

2. Жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды

жөндеу және өткізу жөніндегі қызметпен айналысу үшін:

1) көрсетілетін қызметті алушы туралы ақпарат _____ 4
(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі

/

мемлекеттік _____;
тіркеу қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің нөмірін және берілген күнін көрсету)

2) жоғары техникалық білімі бар мәлімделген маман(дар) туралы ақпарат

_____;
(мамандығын және біліктілігін, сондай-ақ диплом(дар)ының көшірмесін(лерін) қоса беріп,

_____;
диплом(дар)ының нөмірін, берілген күнін және орнын, оқу орнының атауын көрсету)

3) мәлімделген қызмет түрі бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтермен жұмыс жүргізуге Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары рұқсатының болуы туралы ақпарат

_____;
(құжаттың көшірмесін қоса беріп, рұқсаттың деректемелерін: нөмірін, күнін және осы

_____;
рұқсатты берген Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының бөлімшесін

_____;
көрсету)

4) техникалық құралдардың және бақылау-өлшеу жабдығының ең аз жинағының болуы туралы ақпарат

_____;
(осы құралдардың және жабдықтың меншік құқығында болуын растайтын құжаттарды _____

_____;
қоса беріп, көрсетілетін қызметті алушы хатының деректемелерін: тіркеу нөмірін және _____;

күнін көрсету)

5) арнайы бөлінген үй-жайдың болуы туралы ақпарат _____

(құжатт(ард)ың көшірмесін(-лерін) қоса беріп, меншік құқығын немесе өзге заңды негізді _____

растайтын құжаттың, сондай-ақ мамандандырылған ұйым(дар)мен автоматтандырылған

күзет және өрттен қорғау сигнализация жүйелеріне қызмет көрсету туралы шартт(ард)ың

деректемелерін: тіркеу нөмірлерін және күндерін, сондай-ақ тиісті ұйымдардың атауларын _____;

көрсету)

Ескертпе: мәлімделген адамдардың білім деңгейін бағалау жедел іздестіру іс-шараларын

жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды әзірлеу, өндіру, жөндеу және өткізу

бойынша біліктілік сынағының нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Біліктілік сынағына арналған сұрақтар тізбесін көрсетілетін қызметті беруші белгілейді.

Біліктілік

сынағы көрсетілетін қызметті алушы қызметін жүзеге асыратын жері бойынша көрсетілетін

қызметті берушінің бөлімшесінде тапсырылады.

3 Мемлекеттік қызмет беруші мәліметтерді мемлекеттік ақпараттық жүйелерден " электрондық үкімет" шлюзі арқылы дербес алады.

4 Мемлекеттік қызмет беруші мәліметтерді мемлекеттік ақпараттық жүйелерден " электрондық үкімет" шлюзі арқылы дербес алады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Төрағасының 2022 жылғы " ____ "
№ _____ бұйрығымен бекітілген
"Жедел-іздестіру іс-шараларын
жүргізуге арналған арнайы
техникалық құралдарды әзірлеу,
өндіру, жөндеу және өткізу
жөніндегі қызметті жүзеге

Лицензияны қайта ресімдеуге арналған заңды тұлғаның өтініші

— (лицензиардың толық атауы)

_5 (заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы, бизнес-

сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда

шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

20__ жылғы " __ " _____ № _____, _____ берілген

— (лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаның(лардың) нөмірі(лері), берілген күні,

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны(ларды) берген лицензиардың атауы)

Жүзеге асыруға

— қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің (-лері) толық атауы) мынадай негіз(дер) бойынша (тиісті жолға X қою қажет):

1) заңды тұлға-лицензиат "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы

Заңының 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес (тиісті жолға X қою қажет):

бірігу _____

қайта құру _____

қосылу _____

бөліп шығару _____

бөліну _____

жолымен қайта ұйымдастырылуы

2) заңды тұлға-лицензиат атауының өзгеруі _____

3) заңды тұлға-лицензиаттың орналасқан жерінің өзгеруі _____

4) егер лицензияның иеліктен шығарылатындығы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы"

Қазақстан Республикасының Заңына 1-қосымшада көзделген жағдайларда, лицензиат

үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензияны иеліктен шығаруы _____

5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензия үшін немесе

лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей

оның орналасқан жерінің мекенжайы өзгеруі _____

6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда

7) қызмет түрінің атауы өзгеруі _____

8) қызметтің кіші түрінің атауы өзгеруі _____

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны (қажетін көрсету) қайта ресімдеуіңізді сұраймын.

Заңды тұлғаның мекенжайы _____

(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі,

заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда –

шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

Электрондық пошта _____

Телефондары _____

Факс _____

Банк шоты _____

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

(шетелдік заңды тұлға үшін-елі, пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені,

көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі) _____ құжат(тар) қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері

бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға

сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және

жарамды болып табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға

қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны

құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Басшы _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Толтыру күні: 20__ жылғы "___" _____

5 Мемлекеттік қызмет беруші мәліметтерді мемлекеттік ақпараттық жүйелерден " электрондық

үкімет" шлюзі арқылы дербес алады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Төрағасының 2022 жылғы "___"
№ _____ бұйрығымен бекітілген
"Жедел-ізвестіру іс-шараларын
жүргізуге арналған арнайы
техникалық құралдарды әзірлеу,
өндіру, жөндеу және өткізу
жөніндегі қызметті жүзеге
асыруға лицензия беру"
мемлекеттік қызмет көрсету
қағидаларына
№ 6 қосымша
Нысан

Лицензияны қайта ресімдеуге арналған жеке тұлғаның өтініші

(лицензиардың толық атауы)

6
(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

жүзеге асыруға
20__ жылғы " __ " _____ № _____, _____ берілген

(лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаның(лардың) нөмірі(лері), берілген күні,

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны(ларды) берген лицензиардың атауы)

Жүзеге асыруға

(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің (-лері) толық атауы)

мынадай негіз(дер) бойынша (тиісті жолға X қою қажет):

1) жеке тұлға-лицензиаттың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) өзгеруі _____

2) жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның атауы өзгеруі _____

3) жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның заңды мекенжайы өзгеруі _____

4) егер лицензияның иеліктен шығарылатындығы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына 1-қосымшада көзделген жағдайларда, лицензиат

үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензияны иеліктен шығаруы _____

5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензия үшін немесе

лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей

оның орналасқан жерінің мекенжайы өзгеруі _____

6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда

7) қызмет түрінің атауы өзгеруі _____

8) қызметтің кіші түрінің атауы өзгеруі _____ лицензияны және (немесе) лицензияға

қосымшаны (қажетін көрсету) қайта ресімдеуіңізді сұраймын.

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы _____

_____ (пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі)

Электрондық пошта _____

Телефондары _____

Факс _____

Банк шоты _____

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

_____ (пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй- жайлар нөмірі) _____ құжат(тар) қоса беріліп отыр.

Осымен: көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы

және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден

бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы; өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға

сот тыйым салмайтыны; қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні

және жарамды болып табылатындығы расталады; өтініш беруші лицензияны және (немесе)

лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын

құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

_____ (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Толтыру күні: 20__ жылғы " __ " _____

6 Мемлекеттік қызмет беруші мәліметтерді мемлекеттік ақпараттық жүйелерден " электрондық

үкімет" шлюзі арқылы дербес алады.

"Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын әзірлеуге лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 11.01.2023 № 1/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын әзірлеуге лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес (бұдан әрі – Заң) әзірленген және "Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын әзірлеуге лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) айқындайды.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) лицензиялау рәсімдерін өткізу үшін жүгінген жеке немесе заңды тұлғаларға (заңды тұлғаның филиалдарына немесе өкілдіктеріне) (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік қызмет көрсетеді.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге www.egov.kz, www.elicense.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптар) 8-тармағы 1) тармақшасында көрсетілген құжаттардың электрондық көшірмелерін жолдайды.

4. Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын әзірлеуге лицензияны (бұдан әрі – лицензия) беру өтініші, ол тіркелген күнінен бастап 15 жұмыс күні ішінде қарастырылады.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының лицензия беру үшін ұсынылған құжаттарын алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат, заңды тұлға ретінде, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені), лицензия, лицензиялық алым ("электрондық

үкімет" төлем шлюзі арқылы төленген жағдайда) төленгені туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы дербес алады.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші аталған мерзім ішінде көрсетілетін қызмет алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызмет берушінің өкілетті тұлғасының электронды қолымен куәландырылған электрондық құжат түрінде өтінішті одан әрі қарастырудан дәлелді бас тарту туралы жауабын береді.

Құжаттар пакеті толық ұсынылған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші 10 жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының "Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдар салаларында қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 4 бұйрығымен айқындалған біліктілік талаптарына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 10473 тіркелген) (бұдан әрі – біліктілік талаптар) сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызмет алушыға барумен мыналарды тексеру үшін профилактикалық бақылауды жүзеге асырады:

- 1) құжаттардың түпнұсқаларын;
- 2) көрсетілетін қызметті алушының арнайы бөлінген үй-жайларын.

Көрсетілетін қызмет алушыға барумен профилактикалық бақылауды жүзеге асырғаннан кейін, көрсетілетін қызметті беруші мәлімделген мамандардың біліктілік сынағын тапсыру нәтижесінің негізінде білім деңгейін бағалауды жүргізеді.

Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың толықтығын тексеру қорытындысы бойынша көрсетілетін қызметті беруші 3 жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған электрондық құжат нысанында кіші түрін/ қызмет түрінің кіші түрін көрсете отырып лицензияны дайындайды немесе көрсетілетін қызметті алушыны рұқсат беруден бас тарту туралы алдын ала қабылданған шешімді, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптардың 9-тармағында көзделген негізде лицензияны немесе лицензияны беруден дәлелді бас тартуды береді және көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" жолдайды.

5. Лицензияны қайта ресімдеу келесі жағдайларда қаралады:

- 1) жеке тұлға-лицензиаттың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) өзгерген;
- 2) жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның атауы немесе заңды мекенжайы өзгерген;
- 3) заңды тұлға-лицензиат "Рұқсаттар мен хабарламалар туралы" Заңның 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес қайта ұйымдастырылған;
- 4) заңды тұлға-лицензиаттың атауы және (немесе) орналасқан жері өзгерген;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған.

Лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш қызмет алушымен лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туындаған кезден бастап күнтізбелік отыз күн ішінде беруге тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы лицензияны қайта ресімдеу барысында көрсетілетін қызмет берушіге мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптардың 8-тармақтағы 2) тармақшаға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың электрондық көшірмелерін портал арқылы жолдайды.

Лицензияны қайта ресімдеу өтініші, тіркелген уақыттан бастап 3 жұмыс күн ішінде қаралады.

Көрсетілетін қызметті беруші, өтініш берушінің құжаттарын алған кезден бастап 2 жұмыс күні ішінде лицензияны қайта ресімдеуге негіз болған ұсынылған құжаттар мен өзгерістердің толықтығын тексеруді жүзеге асырады.

Лицензияны қайта ресімдеуге негіз болған ұсынылған құжаттар мен өзгерістердің толықтығын тексеру қорытындысы бойынша көрсетілетін қызметті беруші 1 жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электронды цифрлық қолы қойылған электронды құжат түрінде қайта ресімделген лицензияны не болмаса мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптардың 9-тармағында көзделген негізге сәйкес лицензия беруден бас тартуға дәлелді жауап дайындайды және көрсетілетін қызметті алушының порталындағы "жеке кабинетіне" жолдайды.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 07.08.2024 № 111/ке (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Занның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйес көрсетілетін қызметті беруші ақпараттандару саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпте мемлекеттік қызметті көрсету кезеңі туралы деректерді мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйсіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Қызмет беруші осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты олар қолданысқа енгізілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде Бірыңғай байланыс орталығына және "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына жолдауды қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуді рұқсаттар мен хабарландырулардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы көрсеткен кезде оны көрсету кезеңі туралы деректер мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты түрде келіп түседі.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

7. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағым берілуі мүмкін.

8. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 2) тармақшасына сәйкес тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

9. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген тәртіп бойынша сотқа шағымдана алады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге рұқсат беріледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық
қауіпсіздік комитеті
Төрағасының 2022 жылғы "___"
№ ___ бұйрығымен бекітілген
"Ақпаратты криптографиялық
қорғау құралдарын әзірлеуге
лицензия беру" мемлекеттік
қызмет көрсету қағидаларына
I-қосымша

"Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын әзірлеуге лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі		
1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті
2.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру "электрондық

		үкімет" веб-порталы www.egov.kz, www.elicense.kz арқылы жүзеге асырылады
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері	1) лицензияны беру кезінде - 15 жұмыс күні ішінде; 2) лицензияны қайта ресімдеу кезінде - 3 жұмыс күні ішінде
4.	Мемлекеттік қызметті көрсетудің нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)
5.	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі	Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын әзірлеуге лицензия беру бойынша қызметпен айналысу үшін лицензияны беру, қайта ресімдеу, немесе мемлекеттік қызмет көрсетуді ұсынудан дәлелді бас тарту. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде", көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электронды-цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі және сақталады. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушы төлейтін төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда оны төлету тәсілдері	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға ақылы негізде ұсынылады. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 554-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін жекеленген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым алынады: лицензия беру үшін - 9 айлық есептік көрсеткішті; 2) лицензияны қайта ресімдеу үшін - 0,9 айлық есептік көрсеткішті құрайды. Төлем қолма-қол және қолма-қолсыз түрде, банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүргізетін екінші деңгейлі банктер мен ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.

		Төлем "электрондық үкімет" төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылуы мүмкін
7.	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	<p>1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі – жұма аралығында, сағат 13:00-ден 15:00-ге дейін түскі үзіліспен сағат 09:00-ден бастап 19:00-ге дейін;</p> <p>2) портал – тәулік бойы, техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты, үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш берген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орнының мекенжайы көрсетілетін қызметті берушінің www.knb.gov.kz ресми интернет-ресурсында орналастырылған</p>
қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Толтыру күні: 20__ жылғы "___" _____

17 Мемлекеттік қызмет беруші мәліметтерді мемлекеттік ақпараттық жүйелерден " электрондық үкімет" шлюзі арқылы дербес алады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Төрағасының 2020 жылғы
6 мамырдағы № 34/қе
бұйрығына 4-қосымша

"Үшінші елдермен сауда-саттықта тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдарды әкелуге, әкетуге және олардың транзитіне қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 11.01.2023 № 1/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Үшінші елдермен сауда-саттықта тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдарды әкелуге, әкетуге және олардың транзитіне қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес (бұдан әрі – Заң) әзірленген және "Үшінші елдермен сауда-саттықта тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдарды әкелуге, әкетуге және олардың транзитіне қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) айқындайды.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) рұқсат беру рәсімдерін алу үшін жүгінген жеке немесе заңды тұлғаларға (заңды тұлғаның филиалдарына немесе өкілдіктеріне) (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік қызмет көрсетеді.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге www.egov.kz, www.elicense.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптар) 8-тармағы 1) тармақшасында көрсетілген құжаттардың электрондық көшірмелерін жолдайды.

4. Үшінші елдермен сауда-саттықта тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдарды әкелуге, әкетуге және олардың транзитіне қорытынды (рұқсат беру құжатын) (бұдан әрі – рұқсат беру құжаты) беру өтініші, ол тіркелген күннен бастап 8 жұмыс күні ішінде қарастырылады.

Көрсетілетін қызмет беруші өтінішті алған сәттен бастап 5 жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді, қажет болған жағдайда қызмет алушының "жеке кабинетіне" арнайы техникалық құралдар үлгілерін ұсыну туралы хабарлама жолдайды.

Техникалық құралдың үлгілерін ұсыну мерзімі тиісті хабарлама көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" түскен сәттен бастап күнтізбелік 5 күнді құрайды. Бұл мерзім мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат, заңды тұлға ретінде, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені), жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды әзірлеу, өндіру, жөндеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы дербес алады.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды жолдайды.

Құжаттар пакеті толық ұсынылған жағдайда, сондай-ақ арнайы техникалық құралдар үлгілерінің (қажетті болған жағдайда) толықтығын тексеру қорытындысы бойынша көрсетілетін қызметті беруші 3 жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында рұқсат беру құжатын дайындайды немесе көрсетілетін қызметті алушыны рұқсат беруден бас тарту туралы алдын ала қабылданған шешімді, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптардың 9-тармағында көзделген негізде рұқсат беру құжатын немесе рұқсат беру құжатын беруден дәлелді бас тартуды береді және көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" жолдайды.

5. Занның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйес көрсетілетін қызметті беруші ақпараттандару саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпте мемлекеттік қызметті көрсету кезеңі туралы деректерді мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Қызмет беруші осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты олар қолданысқа енгізілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде Бірыңғай байланыс орталығына және "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына жолдауды қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуді рұқсаттар мен хабарландырулардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы көрсеткен кезде оны көрсету кезеңі туралы деректер мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты түрде келіп түседі.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

6. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағым берілуі мүмкін.

7. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 2) тармақшасына сәйкес тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

8. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген тәртіп бойынша сотқа шағымдана алады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге рұқсат беріледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық
қауіпсіздік комитеті
Төрағасының 2022 жылғы "___"
№___ бұйрығымен бекітілген
"Үшінші елдермен сауда-саттықта
тарифтік емес реттеу
шаралары қолданылатын
ақпаратты жасырын алуға
арналған арнайы техникалық
құралдарды әкелуге, әкетуге
және олардың транзитіне
қорытынды (рұқсат беру
құжатын) беру" мемлекеттік
қызмет көрсету қағидаларына
1-қосымша

"Үшінші елдермен сауда-саттықта тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдарды әкелуге, әкетуге және олардың транзитіне қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі		
1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік комитеті
2.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілі	Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру "электрондық үкімет" веб-порталы www.egov.kz , www.elicense.kz арқылы жүзеге асырылады
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	8 жұмыс күні ішінде. Арнайы техникалық құралдың үлгілерін ұсыну мерзімі тиісті хабарлама көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" түскен сәттен бастап күнтізбелік 5 күнді құрайды. Бұл мерзім мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді
4.	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)
		Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үшінші елдермен сауда-саттықта тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдарды әкелуге, әкетуге және олардың транзитіне қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту.

5.	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде", көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электронды-цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі және сақталады. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушы төлейтін төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда оны төлету тәсілдері	Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі
7.	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	<p>1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі – жұма аралығында, сағат 13:00-ден 15:00 -ге дейін түскі үзіліспен сағат 09:00-ден бастап 19:00-ге дейін;</p> <p>2) портал – тәулік бойы, техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты, үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш берген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орнының мекенжайы көрсетілетін қызметті берушінің www.knb.gov.kz ресми интернет-ресурсында орналастырылған</p>
		1) осы Қағидадағы 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызмет алушының электронды-цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініші;

8.	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	<p>2) сыртқы сауда шарты (келісімшарт), оған қосымша және (немесе) толықтыру және (немесе) тараптардың ниеттерін растайтын өзге де құжаттың электрондық көшірмесі;</p> <p>3) арнайы техникалық құралдар құжаттаманың электрондық көшірмесі.</p> <p>Арнайы техникалық құралының үлгілерін ұсыну қажет болған жағдайда (көрсетілетін қызметті берушінің талабы бойынша), көрсетілетін қызметті беруші электрондық көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" цифрлық қолтаңбасы қойылған тиісті хабарлама жібереді</p>
9.	Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің "Тарифтік емес реттеу шаралары туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешімімен белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;</p> <p>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен</p>

		<p>байланысты арнаулы құқығынан айырылуы;</p> <p>5) жедел-техникалық іс-шараларды жүргізу үшін арнайы техникалық құралдарды әкелу немесе әкету ұлттық қауіпсіздігіне зиян келтіруі мүмкін екенін растайтын негіздер бар жағдайда</p>
10.	Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>Көрсетілетін қызметті алушы өкілінің өкілеттігі Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес ресімделуі тиіс.</p> <p>Қызмет алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық қолтаңбасы болған жағдай ғана портал арқылы электрондық түрде ала алады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінен", сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының және Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефондары арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің байланыс телефондары: 8 (7172) 76-49-49</p>

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Төрағасының 2022 жылғы "___"
№___ бұйрығымен бекітілген
"Үшінші елдермен сауда-саттықта тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдарды әкелуге, әкетуге және олардың транзитіне қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Үшінші елдермен сауда-саттықта тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын, ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдарды әкелуге, әкетуге және транзитіне қорытынды (рұқсат беру құжаты)

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

20__ жылғы " __ " _____ № KZ _____ өтініші негізінде

берілді

(көрсетілетін қызметті алушының толық атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Алып жүру түрі _____

(тауарды тасымалдау түрін көрсету: әкелу, әкету, уақытша әкелу, уақытша әкету, транзит)

(Бірыңғай тізбенің бөлімі) (Еуразиялық экономикалық одағының сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауарлық номенклатурасының коды)

Тауардың атауы	Моделі	Саны	Өлшем бірлігі
----------------	--------	------	---------------

Алушы/Жөнелтуші _____

(әріптес-ұйымның толық ресми атауын және толық мекенжайын көрсету.

Бұл ретте _____

алушы ретінде, көрсетілетін қызметті алушыдан тауарға құқық алған тұлға,

ал жөнелтуші ретінде - көрсетілетін қызметті алушыға осы құқықты беретін тұлға көрсетіледі)

Межелі/жөнелту елі _____

(межелі және жөнелту түпкі орны болып табылатын елдің атауын көрсету)

Әкелу/әкету мақсаты _____

(тауарды әкелу, әкету, уақытша әкелу, уақытша әкету мақсатын көрсету)

Уақытша әкелу/әкету мерзімі _____

(уақытша әкелінетін/әкетілетін жағдайда, тауарларды уақытша әкелу немесе уақытша әкету жөніндегі міндеттеме қолданысының аяқталу күнін көрсету)
Негіздеме

(мемлекеттік қызмет көрсету үшін негіздеме болатын құжаттарды және олардың деректемелерін –

сыртқы сауда шартын (келісімшартын), оған қосымшаны және (немесе) толықтыруды және (немесе)

тараптардың ниеттерін растайтын өзге де құжатты көрсету)

Қосымша ақпарат _____

Транзит елі _____

(аумақ бойынша транзит)

Қорытынды жарамды _____

Уәкілетті тұлға _____

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы)

Берілген күні 20__ жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасы Ұлттық
қауіпсіздік комитеті
Төрағасының 2022 жылғы "___"
№___ бұйрығымен бекітілген
"Үшінші елдермен сауда-саттықта
тарифтік емес реттеу
шаралары қолданылатын
ақпаратты жасырын алуға
арналған арнайы техникалық
құралдарды әкелуге, әкетуге
және олардың транзитіне
қорытынды (рұқсат беру
құжатын) беру" мемлекеттік
қызмет көрсету қағидаларына
3-қосымша
Нысан

_____(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы) _____

_____(көрсетілетін қызметті алушының толық атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) Өтініш

Келесідей арнайы техникалық құралдарға _____

(тауарды алып жүру түрін көрсету: әкелу, әкету, уақытша әкелу, уақытша әкету, транзит)

_____ корытынды (рұқсат беру құжатын) беруді сұраймын:

P/c №	Бұйымның құрамы көрсетілген оның атауы	Моделі	Зауыттық нөмірі	Сериялық нөмірі	Саны	Еуразиялық экономикалық одағының сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауарлық номенклатура сының коды Бірыңғай тізбенің 2.17-бөлімінен
1.						

Көрсетілетін қызметті алушының жеке сәйкестендіру нөмірін және (немесе) бизнес сәйкестендіру нөмірін көрсету _____

— Көрсетілетін қызметті алушының заңды мекенжайы _____

— _____

— (пошталық индексі, елі (шетелдік заңды тұлға үшін), облысы, қаласы, ауданы, елді мекені,

көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

Көрсетілетін қызметті алушының нақты мекенжайы _____

— _____

— (пошталық индексі, елі (шетелдік заңды тұлға үшін), облысы, қаласы, ауданы, елді мекені,

көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

Көрсетілетін қызметті алушының телефондары, факсы, электрондық почтасы

— _____

— Алушы/Жөнелтуші _____

— _____

(әріптес ұйымның толық ресми атауын және толық мекенжайын көрсету.

Бұл ретте алушы ретінде көрсетілетін қызметті алушыдан тауарға құқық алатын тұлға,

ал жөнелтуші ретінде - көрсетілетін қызметті алушыға осы құқықты беретін тұлға көрсетіледі)

Межелі/жөнелту елі _____

(межелі және жөнелту түпкі орны болып табылатын елдің атауын көрсету)

Транзит елі _____

(транзитпен өткізген жағдайда, аумағында транзит жүзеге асырылатын Кеден одағына

мүше мемлекеттің атауын көрсету)

Әкелу/әкету мақсаты _____

(тауарды әкелу, әкету, уақытша әкелу, уақытша әкету мақсатын көрсету)

Уақытша әкелу/әкету мерзімі _____

(уақытша әкелінетін/әкетілетін жағдайда, тауарларды уақытша әкелу немесе уақытша әкету

жөніндегі міндеттеме қолданысының аяқталу күнін көрсету)

Негіздеме _____

(мемлекеттік қызмет көрсету үшін негіздеме болатын құжаттарды және олардың деректемелерін –

сыртқы сауда шартын (келісімшартын), оған қосымшаны және (немесе) толықтыруды және (немесе)

тараптардың ниеттерін растайтын өзге де құжатты көрсету)

Қосымша ақпарат _____

(өтініштің басқа жолдарындағы ақпаратты айқындайтын қосымша мәліметтерді, қажет

болған жағдайда, осыдан бұрын берілген арнайы техникалық құралдарды әкелуге және әкетуге

қорытындының (рұқсат беретін құжаттың) деректемелерін, сондай-ақ тауардың құны және қосымша

_____ берілетін құжаттар, оның ішінде тауардың фотографиялық суреті туралы ақпаратты көрсету)

_____ құжат(тар) қоса беріліп отыр.

Осымен: көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және

оларға мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге

болатыны; қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды

болып табылатындығы расталады; өтініш беруші мемлекеттік қызметті көрсету кезінде

ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі

шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Уәкілетті тұлға _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Толтырылған күні 20__ жылғы " __ " _____

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушымен байланыстыратын тұлға: _____

_____ (мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының орындаушысы – тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты,

телефоны, электрондық поштасы)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік
комитеті Төрағасының
2020 жылғы 6 мамырдағы
№ 34/ке бұйрығына
5-қосымша

"Үшінші елдермен сауда-саттықта тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын шифрлау (криптографиялық) құралдарын әкелуге, әкетуге және олардың транзитіне қорытынды (рұқсат беру құжаты) беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 11.01.2023 № 1/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Үшінші елдермен сауда-саттықта тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын шифрлау (криптографиялық) құралдарын әкелуге, әкетуге және олардың транзитіне қорытынды (рұқсат беру құжаты) беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес (бұдан әрі – Заң) әзірленген және "Үшінші елдермен сауда-саттықта тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын шифрлау (криптографиялық) құралдарын әкелуге, әкетуге және олардың транзитіне қорытынды (рұқсат беру құжаты) беру" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) айқындайды.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) рұқсат беру рәсімдерін алу үшін жүгінген жеке немесе заңды тұлғаларға (заңды тұлғаның филиалдарына немесе өкілдіктеріне, лицензиаттарға, екінші категориялы рұқсат иеленушілерге) (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік қызмет көрсетеді.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге www.egov.kz, www.elicense.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптар) 8-тармағында көрсетілген құжаттардың электрондық көшірмелерін жолдайды.

4. Үшінші елдермен сауда-саттықта тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын шифрлау (криптографиялық) құралдарын әкелуге, әкетуге және олардың транзитіне қорытынды (рұқсат беру құжаты) беру (бұдан әрі – рұқсат беру құжаты) өтініші, ол тіркелген күннен бастап 8 жұмыс күні ішінде қарастырылады.

Көрсетілетін қызмет беруші өтінішті алған сәттен бастап 5 жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді, қажет болған жағдайда қызмет алушының "жеке кабинетіне" шифрлық құралдар үлгілерін ұсыну туралы хабарлама жолдайды.

Шифрлық құралдың үлгілерін ұсыну мерзімі тиісті хабарлама көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" түскен сәттен бастап күнтізбелік 5 күнді құрайды. Бұл мерзім мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат, заңды тұлға ретінде, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені), ақпаратты криптографиялық қорғау

құралдарын әзірлеу туралы қызметпен айналысу үшін лицензия туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы дербес алады.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды жібереді.

Құжаттар пакеті толық ұсынылған жағдайда, сондай-ақ шифрлық құралдар үлгілерінің (қажетті болған жағдайда) толықтығын тексеру қорытындысы бойынша көрсетілетін қызметті беруші 3 жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында рұқсат беру құжатын дайындайды немесе көрсетілетін қызметті алушыны рұқсат беруден бас тарту туралы алдын ала қабылданған шешімді, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптардың 9-тармағына көзделген негізде рұқсат беру құжатын немесе рұқсат беру құжатын беруден дәлелді бас тартуды береді және көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" жолдайды.

5. Занның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйес көрсетілетін қызметті беруші ақпараттандару саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпте мемлекеттік қызметті көрсету кезеңі туралы деректерді мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Қызмет беруші осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты олар қолданысқа енгізілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде Бірыңғай байланыс орталығына және "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына жолдауды қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуді рұқсаттар мен хабарландырулардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы көрсеткен кезде оны көрсету кезеңі туралы деректер мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты түрде келіп түседі.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

6. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағым берілуі мүмкін.

7. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 2) тармақшасына сәйкес тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

8. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген тәртіп бойынша сотқа шағымдана алады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге рұқсат беріледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық
қауіпсіздік комитеті
Төрағасының 2022 жылғы "___"
№___ бұйрығымен бекітілген
"Үшінші елдермен сауда-
саттықта тарифтік емес реттеу
шаралары қолданылатын
шифрлау (криптографиялық)
құралдарын әкелуге, әкетуге
және олардың транзитіне
(рұқсат беру құжаты)
қорытынды беру" мемлекеттік
қызмет көрсету қағидаларына
I-қосымша

"Үшінші елдермен сауда-саттықта тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын шифрлау (криптографиялық) құралдарын әкелуге, әкетуге және олардың транзитіне қорытынды (рұқсат беру құжаты) беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік комитеті
2.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілі	Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру "электрондық

		үкімет" веб-порталы www.egov.kz, www.elicense.kz арқылы жүзеге асырылады
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	8 жұмыс күні ішінде. Шифрлау(криптографиялық) құралдың үлгілерін ұсыну мерзімі тиісті хабарлама көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" түскен сәттен бастап күнтізбелік 5 күнді құрайды. Бұл мерзім мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді
4.	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)
5.	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үшінші елдермен сауда-саттықта тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын шифрлау (криптографиялық) құралдарын әкелуге, әкетуге және олардың транзитіне (рұқсат беру құжаты) қорытынды беру немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде", көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электронды-цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі және сақталады. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушы төлейтін төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда оны төлету тәсілдері	Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі
		1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі – жұма аралығында, сағат 13:00-ден 15:00-ге дейін түскі үзіліспен сағат 09:00-ден бастап 19:00-ге дейін;

7.	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	<p>2) портал – тәулік бойы, техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты, үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш берген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орнының мекенжайы көрсетілетін қызметті берушінің www.knb.gov.kz ресми интернет-ресурсында орналастырылған</p>
8.	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	<p>1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызмет алушының электронды-цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініші;</p> <p>2) шифрлау құралына техникалық құжаттаманың электрондық көшірмесі. Бастапқы кодтарды ұсыну міндетті талап болып табылмайды. Көрсетілетін қызметті алушының бастапқы кодтарды ұсынудан бас тартуы өз бетінше өтініш бойынша бас тарту үшін негіздеме болып табылмайды;</p> <p>3) сыртқы сауда шарты (келісімшарт), оған қосымша және (немесе) толықтыру және (немесе) тараптардың ниеттерін растайтын өзге де құжаттың электрондық көшірмесі.</p> <p>Шифрлау құралының үлгілерін ұсыну қажет болған жағдайда (көрсетілетін қызметті берушінің талабы бойынша ғылыми-техникалық сараптама жүргізу үшін), көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған тиісті хабарлама жібереді</p>

9.	Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің "Тарифтік емес реттеу шаралары туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешімімен белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;</p> <p>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы</p>
10.	Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>Көрсетілетін қызметті алушы өкілінің өкілеттігі Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес ресімделуі тиіс.</p> <p>Қызмет алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық қолтаңбасы болған жағдай ғана портал арқылы электрондық түрде ала алады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінен", сондай-ақ</p>

көрсетілетін қызметті алушының және Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефондары арқылы алуға мүмкіндігі бар.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің байланыс телефондары: 8 (7172) 76-49-49

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Төрағасының 2022 жылғы "___"
№___ бұйрығымен бекітілген
"Үшінші елдермен сауда-саттықта тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдарды әкелуге, әкетуге және олардың транзитіне қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Үшінші елдермен сауда-саттықта тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын, шифрлау (криптографиялық) құралдарын әкелуге, әкетуге және транзитіне қорытынды (рұқсат беру құжаты)

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

20__ жылғы "___" _____ № KZ _____ өтініші негізінде

берілді

(көрсетілетін қызметті алушының толық атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), заңды тұлғаның мекенжайы)

Алып жүру түрі

(тауарды тасымалдау түрін көрсету: әкелу, әкету, уақытша әкелу, уақытша әкету, транзит)

(Бірыңғай тізбенің бөлімі) (Еуразиялық экономикалық одағының сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауарлық номенклатурасының коды)

Тауардың атауы	Моделі	Саны	Өлшем бірлігі
----------------	--------	------	---------------

Алушы/Жөнелтуші _____

(әріптес-ұйымның толық ресми атауын және толық мекенжайын көрсету.

Бұл ретте _____

алушы ретінде, көрсетілетін қызметті алушыдан тауарға құқық алған тұлға,

_____ ал жөнелтуші ретінде - көрсетілетін қызметті алушыға осы құқықты беретін тұлға көрсетіледі)

Межелі/жөнелту елі

_____ (межелі және жөнелту түпкі орны болып табылатын елдің атауын көрсету)

Әкелу/әкету мақсаты _____

_____ (тауарды әкелу, әкету, уақытша әкелу, уақытша әкету мақсатын көрсету)

Уақытша әкелу/әкету мерзімі _____

_____ (уақытша әкелінетін/әкетілетін жағдайда, тауарларды уақытша әкелу немесе уақытша

әкету жөніндегі міндеттеме қолданысының аяқталу күнін көрсету)

Негіздеме _____

_____ (мемлекеттік қызмет көрсету үшін негіздеме болатын құжаттарды және олардың деректемелерін –

сыртқы сауда шартын (келісімшартын), оған қосымшаны және (немесе) толықтыруды және

(немесе) тараптардың ниеттерін растайтын өзге де құжатты көрсету)

Қосымша ақпарат _____

_____ Транзит елі _____

_____ (аумақ бойынша транзит)

Қорытынды жарамды _____

Уәкілетті тұлға _____

_____ (лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы)

Берілген күні 20__ жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы Ұлттық
қауіпсіздік комитеті
Төрағасының 2022 жылғы "___"
№___ бұйрығымен бекітілген
"Үшінші елдермен сауда-саттықта
тарифтік емес реттеу
шаралары қолданылатын
ақпаратты жасырын алуға
арналған арнайы техникалық
құралдарды әкелуге, әкетуге
және олардың транзитіне
қорытынды (рұқсат беру
құжатын) беру" мемлекеттік
қызмет көрсету қағидаларына
3-қосымша
Нысан

___ (көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы) _____
_____ (көрсетілетін қызметті алушының толық
атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) Өтініш

Шифрлау (криптографиялық) құралдарын құрайтын келесідей тауарларға

(тауарды алып жүру түрін көрсету: әкелу, әкету, уақытша әкелу, уақытша әкету,
транзит) _____ қорытынды (рұқсат беру құжатын) беруді сұраймын:

Р/с №	Бұйымның құрамы көрсетілген оның атауы	Моделі	Зауыттық нөмірі	Сериялық нөмірі	Саны	Еуразиялық экономикалы қ одағының сыртқы экономикалы қ қызметінің бірыңғай тауарлық номенклатура сының коды Бірыңғай тізбенің 2.19- бөлімінен
1.						

Көрсетілетін қызметті алушының жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру
нөмірі

Көрсетілетін қызметті алушының заңды мекенжайы _____

(пошталық индексі, елі (шетелдік заңды тұлға үшін), облысы, қаласы, ауданы, елді мекені,

көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

Көрсетілетін қызметті алушының нақты мекенжайы _____

(пошталық индексі, елі (шетелдік заңды тұлға үшін), облысы, қаласы, ауданы, елді мекені,

көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

Көрсетілетін қызметті алушының телефондары, факсы, электрондық почтасы

Алушы/Жөнелтуші _____

(әріптес ұйымның толық ресми атауын және толық мекенжайын көрсету.

Бұл ретте алушы ретінде көрсетілетін қызметті алушыдан тауарға құқық алатын тұлға,

ал жөнелтуші ретінде - көрсетілетін қызметті алушыға осы құқықты беретін тұлға көрсетіледі)

Межелі/жөнелту елі _____

(межелі және жөнелту түпкі орны болып табылатын елдің атауын көрсету)

Транзит елі _____

(транзитпен өткізген жағдайда, аумағында транзит жүзеге асырылатын Кеден одағына

мүше мемлекеттің атауын көрсету)

Әкелу/әкету мақсаты _____

(тауарды әкелу, әкету, уақытша әкелу, уақытша әкету мақсатын көрсету)

Уақытша әкелу/әкету мерзімі _____

(уақытша әкелінетін/әкетілетін жағдайда, тауарларды уақытша әкелу немесе уақытша

әкету жөніндегі міндеттеме қолданысының аяқталу күнін көрсету)

Негіздеме _____

(мемлекеттік қызмет көрсету үшін негіздеме болатын құжаттарды және олардың

деректемелерін - сыртқы сауда шартын (келісімшартын), оған қосымшаны және (немесе)

толықтыруды және (немесе)

тараптардың ниеттерін растайтын өзге де құжатты көрсету)

Тауарды ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарына жатқызу бойынша техникалық

зерттеу қорытындысының деректемелері _____

_____ (тиісті қорытындының тіркеу нөмірін және берілген күнін көрсету, ұйымдардың жеке қажеттілігін

_____ қамтамасыз ету үшін шифрлау құралдары әкелінген жағдайда толтырылады)

Қосымша ақпарат _____

_____ (өтініштің басқа жолдарындағы ақпаратты айқындайтын қосымша мәліметтерді, қажет

_____ болған жағдайда, осыдан бұрын берілген шифрлау (криптографиялық) құралдарын әкелуге және

_____ әкетуге қорытындының (рұқсат беретін құжаттың) деректемелерін, сондай-ақ тауардың құны және

_____ қосымша берілетін құжаттар, оның ішінде тауардың фотографиялық суреті туралы ақпаратты көрсету)

_____ құжат(тар) қоса беріліп отыр.

Осымен: көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және оларға

_____ мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатыны;

_____ қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып

_____ табылатындығы расталады; өтініш беруші мемлекеттік қызметті көрсету кезінде ақпараттық

_____ жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі

_____ дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Уәкілетті тұлға _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Толтырылған күні 20__ жылғы " __ " _____

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушымен байланыстыратын тұлға: _____

_____ (мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының орындаушысы – тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, телефоны, электрондық поштасы)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Төрағасының 2020 жылғы
6 мамырдағы № 34/ке
бұйрығына 6-қосымша

"Тауарларды ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарына және жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарға жатқызу тұрғысынан техникалық зерттеу бойынша қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 11.01.2023 № 1/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Тауарларды ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарына және жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарға жатқызу тұрғысынан техникалық зерттеу бойынша қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес (бұдан әрі – Заң) әзірленген және "Тауарларды ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарына және жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарға жатқызу тұрғысынан техникалық зерттеу бойынша қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) айқындайды.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) рұқсат беру рәсімдерін алу үшін жүгінген жеке немесе заңды тұлғаларға (заңды тұлғаның филиалдарына немесе өкілдіктеріне) (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік қызмет көрсетеді.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге www.egov.kz, www.elicense.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі –

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптар) 8-тармағында көрсетілген құжаттардың электрондық көшірмелерін жолдайды.

4. Көрсетілетін қызметті беруші тауарларды ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарына және жедел-іздігі іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарға жатқызу тұрғысынан техникалық зерттеу бойынша қорытынды беруге арналған өтінішті (бұдан әрі – қорытынды) ол тіркелген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде қарайды.

Көрсетілетін қызметті беруші қорытынды беруге өтінішті алған сәттен бастап 4 жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді, қажет болған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" тауар үлгісін ұсыну туралы хабарлама жібереді.

Тауардың үлгісін ұсыну мерзімі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" хабарлама келіп түскен сәттен бастап күнтізбелік 5 күнді құрайды. Көрсетілетін қызметті беруші тауардың үлгісін зерттеуді ол ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде жүзеге асырады. Бұл мерзім мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған жеке басты куәландыратын құжат туралы, көрсетілетін қызметті алушыны заңды тұлға ретінде, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден дербес алады.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды жолдайды.

Құжаттар пакеті толық ұсынылған жағдайда және тауар үлгілерінің толықтығын тексеру қорытындылары бойынша (қажет болған жағдайда) көрсетілетін қызметті беруші 1 жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған электрондық құжат нысанында осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорытынды дайындайды не көрсетілетін қызметті алушыны қорытынды беруден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру үшін тыңдау өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау өткізетін жағдайда мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 2 жұмыс күніне ұзартылады.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптардың 9-тармағында көзделген негізде қорытынды немесе қорытынды беруден дәлелді бас тартуды береді және көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" жолдайды.

5. Занның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйес көрсетілетін қызметті беруші ақпараттандару саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпте мемлекеттік қызметті көрсету кезеңі туралы деректерді мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Қызмет беруші осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты олар қолданысқа енгізілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде Бірыңғай байланыс орталығына және "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына жолдауды қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуді рұқсаттар мен хабарландырулардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы көрсеткен кезде оны көрсету кезеңі туралы деректер мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты түрде келіп түседі.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

6. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағым берілуі мүмкін.

7. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 2) тармақшасына сәйкес тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

8. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген тәртіп бойынша сотқа шағымдана алады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге рұқсат беріледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық
қауіпсіздік комитеті
Төрағасының 2022 жылғы " __ "
№____ бұйрығымен бекітілген
"Тауарларды ақпаратты
криптографиялық қорғау
құралдарына және жедел
іздістіру іс-шараларын
жүргізуге арналған арнайы
техникалық құралдарға жатқызу
тұрғысынан техникалық зерттеу
бойынша қорытынды беру"
мемлекеттік қызмет көрсету
қағидаларына 1-қосымша

"Тауарларды ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарына және жедел іздістіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарға жатқызу тұрғысынан техникалық зерттеу бойынша қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі		
1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік комитеті
2.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілі	Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру "электрондық үкімет" веб-порталы www.egov.kz , www.elicense.kz арқылы жүзеге асырылады
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	5 жұмыс күні. Тауар үлгілерін ұсыну мерзімі тиісті хабарлама көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" түскен сәттен бастап күнтізбелік 5 күнді құрайды. Қызмет беруші тауар үлгілерін 30 күнтізбелік күн ішінде зерттеуді жүзеге асырады. Бұл мерзім мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді
4.	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)
		Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарларды ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарына және жедел іздістіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарға жатқызу тұрғысынан техникалық зерттеу жүргізуге қорытынды беру немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту.

5.	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде", көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электронды-цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі және сақталады. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушы төлейтін төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда оны төлету тәсілдері	Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі
7.	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі – жұма аралығында, сағат 13:00-ден 15:00 -ге дейін түскі үзіліспен сағат 09:00-ден бастап 19:00-ге дейін; 2) портал – тәулік бойы, техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты, үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш берген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). Мемлекеттік қызмет көрсету орнының мекенжайы көрсетілетін қызметті берушінің www.knb.gov.kz ресми интернет-ресурсында орналастырылған
		1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызмет алушының электрондық-цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініші;

8.	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	<p>2) зерттелетін тауарға техникалық құжаттаманың электрондық көшірмесі;</p> <p>3) тауарды жеткізуге келісімшарттардың (шарттардың) (бар болса) электрондық көшірмелері;</p> <p>4) тауардың үлгісін ұсыну қажет болған жағдайда (қорытынды шығару кезінде қиыншылық туындаған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің талабы бойынша), көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" тиісті хабарлама жібереді</p>
